

«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі

Директор жанындағы кеңес отырысының хаттамасы №1
17.10.2025ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі мен педагогтері

Күн тәртібі:

1. Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы
2. Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы
3. Жаппай оқумен қамтылу жағдайы
4. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарын құру
5. ББЖМ дайындық жоспары (кестесі, жауаптыларды бекіту)
6. 1-сыныптың мектепке бейімделуі, сауалнама жүргізу
7. Ата-аналар жиналысының, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кеңестің отырыстарының жүргізілуі
8. 9-сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жай-күйі
9. Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші, екінші және үшінші мәселе бойынша С.Н.Турсунбек өз сөзінде: білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы, алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы туралы айтып өтті. Қабылданған оқушылардың іс-қағаздары жалпы түгел, кемшіліктерінің барлығы реттелу үстінде екенін айтып өтті. Реттеуге 1 апта мерзім берілгенін атап өтті. Жаппай оқумен қамтылу жағдайын да баяндады.

Күн тәртібіндегі төртінші және бесінші мәселе бойынша ДБЖЖО Ы.А.Жаутиков, 5-6 сынып координаторы С.Д.Әуез, директордың бастауыш сынып орынбасары Г.Орманова баяндады: «0»-дік сынама нәтижесі бойынша үлгерімі төмен оқушылармен және білімдегі олқылықтардың орнын толтыруға қатысты жоспарлар құрылып, қосымша сабақтар кестесі түзілгені және ол үнемі бақылауда болатындығы туралы айтылды. Р.Демирджан мен Г.Орманова 4, 9 сынып оқушыларын ББЖМ-ге, PISA-ға дайындау жоспары түзіліп, сол бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанына тоқталды.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша мектеп педагог-психологі А.Жетписова: 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша сауалнама және басқа да диагностикалық жұмыстардың жүргізілгенін, нәтижелері шығарылып, сынып жетекшілерінің таныстырылғанын, кейбір оқушылардағы аландаушылық жағдайлар ата-аналарына ескертіліп, жекелеген жұмыстар жүргізіліп жатқанын баяндады.

Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша ДТЖЖО М.А.Жадикова: жаңа оқу жылы басталу алдында әр сынып ата-аналары шақырылып, сыныптарда жиналыстар өткендігін, ал жалпы ата-аналар жиналысының қазан айының соңғы аптасына кеңес беру түрінде жоспарланғаны туралы айтты. ДОІЖО Г.Каракулова ғылыми-әдістемелік кеңес жоспары құрылып, бекітілгені және сол бойынша кеңес отырыстарында күн тәртібіндегі мәселелердің талқыланып, шешімі қабылданып, соған тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы баяндады.


Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе бойынша кәсіби бағдар берушілер А.Елтаева, Ж.Тортай: 9-сыныптардың қызығушылықтары мен бейінін анықтау бағытында жұмыстар жүріп жатқанын, оларға мамандықтар туралы толық мағлұмат алу үшін түрлі мамандық, кәсіп иелерімен кездесу жоспарланғаны жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібіндегі тоғызыншы мәселе бойынша ДШЖЖО Қ.Алкеев: техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру жүргізіліп тұратынын және бейнебақылау камералары арқылы да үнемі бақыланып отыратындығын айтты. Жекелеген ереже бұзу жағдайлары бойынша ДТЖЖО М.А.Жадиковамен бірге ата-аналары шақырылып, әңгіме жүргізілгенін, қайтадан ТҚЕ түсіндірілгені туралы да айтып өтті.


Шешім:

Жаппай оқумен қамту, білім алушылардың жеке іс-қағаздарын, алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жүйелі түрде жалғастырылсын, бақылансын. ББЖМ, PISA-ға дайындық жоспарлы түрде жүргізілсін. 1-сыныптың мектепке бейімделуі бойынша анықталған мәселелермен жұмыс жалғастырылсын. Ата-аналар жиналысы, пелкенес және ғылыми-әдістемелік кеңес отырыстары жоспарға сай жүргізілсін.

9-сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Директор жанындағы кеңес отырысының төрағасы  **Б.С.Длимбетова**



Хатшы:  ----- **С.Н.Турсунбек**

«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі

Директор жанындағы кеңес отырысының хаттамасы №2
19.11.2025ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі мен педагогтері

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың сабаққа қатысуы
2. Пән олимпиадасының мектептік, аудандық, облыстық кезеңін өткізу. 2–10-сынып оқушыларының дайындық жұмыстарын тексеру
3. Әліппе кезеңінде оқушылардың үйренетін шеберліктері мен дағдыларының шеңбері, ана тілінің оқытылу барысы
4. Үздік куәлікке үміткерлер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДТЖЖО М.А.Жадикова: оқушылардың сабаққа қатысуы туралы, қай оқушылардың сабақтан себепсіз жиі қалатындығы туралы айтып өтті. Ондай оқушылардың ата-аналары шақырылып, оған сәйкес көрілетін шаралар туралы ескертті.


Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша менеджер Б.Құрманбай: пән олимпиадаларына қатысатын оқушылар тізімі оқу жылы басында жасақталып, Дарын орталығының жоспарына сәйкес өткен олимпиадалардың мектепшілік, аудандық және қалалық кезеңдерінің нәтижелдері туралы баяндады. Оларға қосымша дайындық кестелері қойылып, жұмыстары қадағаланып жатқанын айтты.


Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бастауыш сынып орынбасары Г.Н.Орманова: әліппе кезеңіндегі және ана тілі бойынша оқушылардың дағдысын тексеру жұмысы жасалғанын, анықталған кемшіліктер бойынша сынып жетекшілеріне ескертіліп, тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Г.Ж.Каракулова: 9-сыныптардың оқу танымдық қызметі жоғары мотивациясы бар оқушыларының ішінен Үздік куәлікке үміткерлердің іріктеліп алынғанын және олардың барлығы да барлық пәндер бойынша үздік екендіктерін пән мұғалімдері бірауыздан мақұлдағанын және табельдеріне зерделеу арқылы расталғанын айтты.

Шешім:

Жоғарыдағы аталған оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау ары қарай да жалғастырылсын. Пән олимпиадаларына дайындық жұмыстары жалғасын тапсын. Әліппе кезеңінде және ана тілінің оқытылу барысы жүйелі түрде зерделенсін. Үздік куәлікке үміткерлер туралы мәлімет ҚББ-ға жіберіліп, олармен жұмыс жүйелі түрде қадағалансын.

Директор жанындағы кеңес отырысының төрағасы  **Б.С.Длиметова**

Хатшы:  ----- **С.Н.Турсунбек**

